



Британ кітапханасында БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ҚҰРАНЫ сақтаулы тұр

Көне кітаптар мен ежелгі манускрипттер, ерте дәуірлердегі әмбебап құжаттар мен қолтаңбалар, жер астындағы ондаған шақырымға созылған сақтау қоймаларындағы естелік мұражайлар. Адамзаттың алуан тағдырын тоғыстырған тірі тарих. Сан ғасыр тарих бедерін тасқа басып қалдырған жалғыз куә. Бұл – Британ кітапханасы.

Британ кітапханасы – Ұлыбританияның Ұлттық кітапханасы. Елдің маңдайалды мекемесі. Оның құрамына мынадай мекемелер кіреді: Британ Мұражайының кітапханасы, Ұлттық орталық кітапхана, Ұлттық ғылыми-техникалық кітапхана, Британ Ұлттық библиографиясы, Ғылымтехникалық ақпараттар басқармасы, Британдық Дыбыс жазу институтының және Үнділік есеп беру басқармасының кітапханасы.

Біз үшін құнды дерек – осы Британ кітапханасында Бейбарыс сұлтанның оқыған Құраны сақтаулы тұр екен. Цифрлы нұсқаға көшіріліп жатқан кітап – кезінде II Бейбарыс сұлтанның меншігінде болған Құран. Жеті томнан тұратын Құран кітапты бұдан 700 жылдай бұрын белгілі Мысыр каллиграфы Мұхаммед ибн әл-Вахид жазған екен. Қыпшақ елінен шығып Мысырды билеген Бейбарыс сұлтанның тапсырмасы бойынша 1304-1306 жылдары Каирде жарық көрген сирек туындыны Мұхаммед ибн Мубадир, Айдугди ибн Аллах әл-Бадри есімді суретшілер қалыптап безендірген. Араб стилінде алтынмен әрленген Құран жазбасы – Британ кітапханасындағы кітаптар топтамаларының ішіндегі ең құндысы. Кітап өте көркем безендірілген, сонымен қатар қасиетті кітап ұлы ақиқаттардан сыр ақтарады.

Сонымен бірге, ағылшын Корольдігі географиялық қоғамында этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың ағылшын тілінде жарық көрген «A Journey to Kashgar in 1858» кітабы да бар.

Ұлыбритания Ұлттық кітапханасындағы мұражайдың көрме залына қарай ғимарат орталығы арқылы таңғажайып баған жүргізілген. Мөлдір баған барлық қабаттарға бірдей орнатылыпты. Нақ осы залдан Ұлыбритания патшасы Георг III-тің кітаптарының жинағын кездестіре аламыз. Оқырмандарға қызмет көрсету процесі осы шыны бағанның ішкі жағында жүргізіледі. Осылайша, оқырмандарды сырттан бақылауға да болады.

Келесі шыны сөреге кітапхананың құнды қазыналары қойылған. Солардың бірі – Гутенберг типографиясында басылып шыққан Библия. Осы стенд Еуропадағы кітап басу ісінің даму тарихына бағытталады. Өйткені баспа ісі еуропалық тұңғыш баспагер Гутенбергтен бастау алады.

В.А.Моцарттың туғанына 250 жыл толуына орай Британ кітапханасындағы Кітаптар мұражайында ұлы композиторға арналған бөлім пайда болды. Қолтаңбалар қатарында автордың музыкалық туындыларынан үзінділер жазылған жазба кітап ұсынылған. Ғаламтордан композитор кітабының электронды нұсқасымен таныса отырып, ғасырлар қойнауынан жеткен дауысын тыңдауға да болады.

Британ кітапханасы (бұрынғы Британ музейінің кітапханасы) 1753 жылы құрылған. Кітапханада кең көлемді инкунабул топтамалары мен британ баспа өнімдерінің жинақтары сақталуда. Қолжазбалар бөліміндегі бай жинақтарға грек және латын папирустары, кейінгі антикалық және Орта ғасырлар дәуіріндегі қолжазба кодекстер, әйгілі қаламгерлердің қолжазба мұрағаттары (сол қатарда Джейн Остен, Чарльз Диккенс, Джеймс Джойс), сондай-ақ ноталар мен географиялық карталар жинағы да кірістірілген.

Ү.Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық
кітапханасының басшысы